



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

Қазақстанның 11 өңірінде инфляция баяулады

Астана қ.

2025 жылғы 17 желтоқсан

Қарашада елде жылдық инфляция 12,4% болды (қазанда – 12,6%).

Жылдық инфляция 11 өңірде баяулады, 5 өңірде жеделдеп, 4 өңірде бұрынғы деңгейде қалды.

Қарашада **азық-түлік тауарларының** бағасы жылдық мәнде 13,4%-ды құрады (қазанда – 13,5%). Осы топ тауарларының бағасы Ұлытау облысында (17,1%) ең жоғары, ал Алматы қаласында (11,2%) ең төмен өсті.

Қарашаның қорытындысы бойынша **азық-түлікке жатпайтын** тауарлардың бағасы жылдық мәнде 11,2% болды (қазанда – 11,0%). Ең жоғары мән Ақтөбе және Жетісу облыстарында (13,2%-дан), ең төменгі мән Батыс Қазақстан облысында (8,6%) тіркелді.

Қарашада **ақылы көрсетілетін қызмет** бағасының өсу қарқыны жылдық мәнде 12,3%-ға дейін баяулады (қазанда – 12,9%). Сонымен қатар Қызылорда және Маңғыстау облыстарында (9,4%-дан) жалпы республикалық деңгейден баға біршама төмен өсті.

Қарашада ел бойынша **айлық инфляция** 0,8%-ға өсті.

Толық ақпарат: Ұлттық Банктің [интернет-ресурсында](#)

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

8 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz